

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина
университеті» КЕАҚ жанындағы 6D110100 - «Медицина»
мамандығы бойынша Диссертациялық кеңестің
2023 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕП**

1. Өткізілген жиналыстар саны – 5.

**2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан
Диссертациялық кеңестің мүшелері – жоқ.**

Есеп беру кезеңінде ҚазҰМУ ректорының 2021 жылғы 16 маусымдағы «Диссертациялық кеңестердің тұрақты құрамын бекіту туралы» № 313 бұйрығымен, 18.02.2022 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген №70 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңестің келесі тұрақты мүшелері жұмыс атқарды:

1. Муминов Т.А., м.ғ.д., профессор - төраға;
2. Локшин В.Н., м.ғ.д., профессор – төраға орынбасары;
3. Ералиева Л.Т., м.ғ.д., профессор – ғылыми хатшы;
4. Кайдарова Д.Р., м.ғ.д., профессор - мүше.

ҚазҰМУ ректорының 09.10.2023 жылғы №523 бұйрығымен 6D110100, 8D10103, 8D141 – Медицина мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңестің құрамына ғылыми хатшы ретінде м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Э.М. Сатбаева енгізілді (Л.Т. Ералиева ДК құрамынан шығарылды).

Әрбір қорғау бойынша Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері Диссертациялық кеңес төрағасының ұсынуы негізінде проректормен келісе отырып, ректордың бұйрығымен бекітіледі. Әр қорғауға Кеңестің құрамына бір шетелдік ғалым кіреді. Диссертациялық Кеңестің барлық уақытша мүшелері отырыстарға қатысты.

3. Білім алу мекемесі көрсетілген докторанттар тізімі.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-да 6D110100, 8D10103, 8D141 - «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте докторанттардың 5 диссертациясы қаралды (кесте 1).

4. Есеп беру жылында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

1). Жумагельдиева Фарида Еркуловна

Докторлық диссертацияның тақырыбы: «Факоморфты глаукоманың патогенетикалық бағытталған емі».

Бұл диссертацияның мазмұны Алматы қаласының байырғы тұрғындарында көз алмасының орташа био параметрлерін және факоморфты глаукоманың даму қауіп факторларын анықтаудан тұрады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Алғаш рет 40 жас және одан жоғары жастағы Алматы қаласының жергілікті тұрғындарының көз алмасының өлшемдері анықталды (көз алмасының алдыңғы – артқы ұзындығы – 23,2 мм, көздің алдыңғы камерасының тереңдігі – 2,9 мм, көз бұршағы қалыңдығы – 4,51 мм).

Қазақстан Республикасында алғаш рет жергілікті тұрғындарда факоморфты глаукоманың даму қаупінің факторлары анықталды: әйел жынысы, алдыңғы камераның таяз тереңдігі (2,5 мм) және қалың көз бұршағы (4,75 мм).

Факоморфты глаукоманың асқынған кезеңінде оптикалық құрылымдарын қалпына келтірудің хирургиялық жолы жақсартылды. (Авторлық куәлік №28290 16.08.2022ж., Патент жаңалығына формальды экспетизаның оң нәтижесі алынды: патент өнертабысы ҚР №0495.1 15.08.2022ж. «Көздің мүйізді қабығының және бұршағының артқы капсуласының тұрақсыздығы кезінде ісініп жатқан катарактаны хирургиялық емдеуді жақсарту»).

Енгізу туралы мәліметтер:

Осы зерттеудің негізгі ғылыми ережелері мен қорытындылары Алматы қаласының Орталық қалалық клиникалық ауруханасының ШЖҚ МКК және №6 қалалық емхананың ШЖҚ МКК Офтальмология бөлімшесінің жұмысына енгізілді.

2). Абуова Жанар Болатбековна

Докторлық диссертацияның тақырыбы: «Офтальмологияда жаңа дәрілік препаратты қолдануды эксперименттік негіздеу».

Диссертациялық жұмыс биологиялық белсенді заттардың көзі ретінде перспективалы дәрілік өсімдіктерді іздеуге және офтальмологияда қолдану үшін олардың негізінде өсімдік фармацевтикалық субстанцияларды жасауға арналған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Алғаш рет кешенді зерттеулер нәтижесінде мақсары сығындылары бар офтальмологиялық дәрілік формалардың компоненттері физикалық және химиялық үйлесімді зерттелді.
- CO₂-экстракцияға дейінгі әдіспен алынған май сығындысы негізінде 5 түрлі көз жақпа моделі жасалды, оңтайлы құрамы, технологиялық процесі және аппараттық құрылымы жасалды.
- Көз жақпасының микробқа қарсы белсенділігі зерттелді. Алғаш рет суперкритикалық жағдайларда (17 МПа, 31°С, 60 мин) мақсары тұқымының CO₂ - сығындысы негізінде көз тамшыларының құрамы мен технологиялық процесі жасалды.
- Алынған препараттың сапа көрсеткіші ҚР МФ, ЕФ талаптары бойынша зерттелінді және сәйкестігі дәлелденді. Экстрактының құрамында А, Е дәрумендерінің жоғары мөлшерде екендігі анықталды. Көз тамшысының техника-экономикалық негіздемесі жасалынды.

Енгізу туралы мәліметтер: Ғылыми жұмыс нәтижесінде Қазақстан Республикасының 2 пайдалы үлгіге патенттері алынды: 1.Способ получения

глазных капель из семян сафлоры (*Carthamus Tinctorius L.*) (Сафлора тұқымдарынан көз тамшыларын алу тәсілі), (25.06.2021 ж. Патент №6168); 2. Способ получения глазной эмульсии из цветков сафлоры (*Carthamus Tinctorius L.*) (Сафлора гүлдерінен көз эмульсиясын алу тәсілі)(16.09.2022 ж. Патент №7448). Өнертапқыштық патентке өтінім берілді: Устройство для иммобилизации лабораторных кроликов со специальным блоком для фиксации ушей (Кұлақтарын бекітуге арналған арнайы блокы бар лабораториялық қояндарды иммобилизациялау құрылғысы) Тапсырыстың тіркеу номері 2022/0488.1, 10.08.2022 ж. Сонымен қатар авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы келесі авторлық куәліктер алынды:

- Анализ уровня интерлейкинов при моделировании синдрома «сухого глаза» экспериментальных животных после лечения новым инновационным препаратом из сафлоры (*Carthamus tinctorius L.*) (Сафлорадан алынған жаңа инновациялық препаратпен емдеуден кейін эксперименттік жануарлардағы «кұрғақ көз» синдромын моделдеудегі интерлейкиндер деңгейін талдау) №26659, 31.05.2022.

- Исследование антимикробного действия глазной эмульсии на основе цветков сафлоры красильной (*Carthamus tinctorius L.*) (Сафлора гүлдері негізінде жасалған көз эмульсиясының микробқа қарсы әсерін зерттеу) №29057, 27.09.2022;

- Определение компонентного состава глазной эмульсии из экстракта сафлоры (сафлора сығындысынан жасалған көз эмульсиясының компоненттік құрамын анықтау) № 29058, 27.09.2022;

- Гистоморфологические особенности глаз лабораторных животных после нанесения глазной эмульсии из экстракта сафлоры (Лабораториялық жануарлардың сафлора сығындысынан жасалған көз эмульсиясын жаққаннан кейінгі көздерінің гистологиялық және морфологиялық ерекшеліктері) № 29397, 10.12.2022.

- Изучение показателей внутриглазного давления после применения разработанных лекарственных форм на основе экстракта сафлоры (*Carthamus Tinctorius L*) (Сафлора сығындысы негізінде жасалған дәрілік қалыптарды қолданғаннан кейін көзішілік қысымның көрсеткіштерін зерттеу) Авторлық куәлік №29589, 20.10.2022 ж.

Жұмыс нәтижелері «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ ұсынылған өндіріске енгізу актілері және М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің фармакология және офтальмология кафедраларында ұсынылған өндіріске, сондай-ақ, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің білім беру үдерісіне клиникалық фармакология кафедрасының оқу үдерістеріне енгізілді.

3). Советов Бақытбек Советұлы

Докторлық диссертацияның тақырыбы: «Симпатикалық гиперактивация кезінде β 1-адреноблокаторлардың және пуринды

нуклеотидтер метаболиттерінің иммунды статуска, пуринді циклдар ферменттерінің белсенділігіне және антиоксидантты жүйеге әсері».

Диссертациялық жұмыс пуриндік нуклеотидтер метаболиттерінің (АМФ және аденозин) және метопрололдың селективті β 1-адреноблокаторының иммундық мәртебеге және пуриндік нуклеотидтер метаболизмі ферменттерінің белсенділігіне және қан плазмасындағы және жүрек пен бауыр жасушаларындағы антиоксиданттық жүйенің қалыпты және симпатикалық гиперактивациядағы әсерін зерттеуге арналған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Алғаш рет симпатикалық гиперактивацияның антиоксидантты қорғаныс жүйесіне, пуринді нуклеотидтер метаболизмі ферменттері мен иммундық жүйеге әсері зерттелді: иммунитеттің Т- және В-бөліктерінің функционалды өзара байланысы күшейетіні дәлелденді; ГПО, каталаза және AD, AMPD, 5'Н пуринді нуклеотидтер алмасуы ферменттерінің белсендірілуімен, МДА және ДК деңгейінің жоғарылауы арқылы көрінетін тотығушы стресс жағдайына жуық өзгерістер дамиды.

- Алғаш рет пуринді нуклеотидтер метаболиттерінің (АМФ және аденозин) және селективті β 1-адреноблокатордың (Метопролол) симпатикалық гиперактивация кезіндегі иммундық статуска, антиоксидантты жүйеге, қан плазмасындағы, миокардиоциттер мен бауырдағы пуриндік нуклеотидтер метаболизмінің ферменттерінің әсеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

- Гиперадреналинемия және кез-келген тотықтырушы стресс кезінде байқалатын антиоксидантты қорғаныс жүйесіндегі, пуриндер алмасуы ферменттерінің белсенділігіндегі және иммунды реакциялардағы өзгерістерді түзету үшін аденозин және АМФ кешенін пайдалану мүмкіншілігі негізделді.

Енгізу туралы мәліметтер: Диссертацияның нәтижелері ғылыми зертханаларда, сонымен қатар «Жалпы медицина», «Стоматология», «Фармация» мамандықтары бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін биохимия және химиялық пәндер кафедрасының, физиологиялық пәндер кафедрасының оқу әдістемелік процесінде енгізілді. «Симпатикалық гиперактивация кезінде байқалған антиоксидантты қорғаныс жүйесінің, пуринді нуклеотидтер алмасуы ферменттерінің белсенділігі мен иммундық статустың өзгеруін түзету үшін аденозин мен АМФ кешенін қолдану мүмкіндігі» тақырыбында авторлық куәлік алынды. (№14613, 22.01.2021 ж.).

4). Садыкова Алтынай Женисовна

Докторлық диссертацияның тақырыбы: «Туа біткен ақаулары бар жаңа туған нәрестелердегі жедел бүйрек зақымдануының предикторлары».

Диссертациялық жұмыстың мазмұны БЖЗ дамуының болжаушыларын анықтау негізінде туа біткен ақаулары бар жаңа туған нәрестелердегі бүйректің жедел зақымдану ерекшеліктерін зерттеу, бүйрек дисфункциясының негізгі көрсеткіштері мен UNGAL арасындағы корреляциялық қатынастарды анықтау, ТБА бар жаңа туған нәрестелерде БЖЗ

дамуының ықтимал болжаушысы ретінде, ТБА бар нәрестелерде БЖЗ ерте диагностикалау алгоритмдерін әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Алғаш рет операцияға дейінгі кезеңде ТБА бар жаңа туған нәрестелердегі БЖЗ жиілігі мен себептері анықталды.

2. Алғаш рет ТБА бар жаңа туған нәрестелердегі ерте инвазивті uNGAL БЖЗ биомаркерінің диагностикалық және болжамдық маңыздылығы зерттелді.

3. Алғаш рет uNGAL биомаркері мен клиникалық-зертханалық предикторларды қамтитын ТБА бар жаңа туған нәрестелерде БЖЗ ерте диагностикалау алгоритмдері жасалды

Енгізу туралы мәліметтер: 1. uNGAL БЖЗ ерте инвазивті биомаркерін қолдану Алматы қаласындағы 4 балалар Жан Сақтау Бөлімшесінің жұмысына енгізілді. Неонаталдық бейіндегі 2 реанимация бөлімшесінде: Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының АЖБЖТН және Алматы қаласындағы Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының АЖБТН және кардиохирургиялық бейіндегі 2 реанимацияда: Алматы қаласындағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының кардиореанимация бөлімшесі және Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы.

1. ТБА бар жаңа туған нәрестелердегі БЖЗ ерте диагностикасы бойынша зерттеу нәтижелері Қазақстан-Ресей медициналық университетінің «Неонатология» курсының резиденттерін неонатологтарды даярлаудың білім беру бағдарламасына енгізілген.

2. Авторлық куәліктер: 1. "АІЖ ТБА бар жаңа туған нәрестелердегі БЖЗ-ны ерте диагностикалау алгоритмі" (2023 жылғы 3 ақпандағы № 32253), 2. "ТЖА бар жаңа туған нәрестелердегі БЖЗ-ны ерте диагностикалау алгоритмі" (2023 жылғы 3 ақпандағы № 32254).

5). Полукчи Татьяна Васильевна

Докторлық диссертацияның тақырыбы: «Вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастардағы когнитивтік бұзылыстар»

Диссертациялық жұмыстың мазмұны - вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастардағы когнитивтік бұзылыстардың, патологиялық шаршағыштық синдромының жиілігі мен айқындылығын анықтау осы санаттағы науқастардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған уақытыл емдік шараларды қолдануға көрсеткіш бола алады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Түркістан облысында алғаш рет созылмалы вирустық гепатиттермен ауыратын науқастардың бауыр фиброзының түрлі сатысындағы неврологиялық статусы мен когнитивтік функцияларының сипаттамалары анықталды.

2. Созылмалы вирустық гепатитпен ауыратын науқастарда бауыр фиброзының түрлі сатысындағы патологиялық шаршау синдромын бағалау жүргізілді.

3. Созылмалы вирустық гепатиттермен ауыратын науқастарда бауыр фиброзының түрлі сатысындағы өмір сүру сапасы бағаланды.

4. Неврологиялық бұзылыстар мен когнитивті функциялардың өзгерістерінің клиникалық-биохимиялық көріністердің белсенділігімен, этиологиясымен, фиброз сатысымен байланыстылығы зерттелді.

5. Созылмалы вирустық гепатиттермен ауыратын науқастарда бауыр фиброзының түрлі сатыларында когнитивті бұзылыстарды диагностикалау алгоритмі жасалды.

6. Алынған нәтижелер созылмалы вирустық гепатиттермен ауыратын науқастарда когнитивті бұзылыстардың диагностикасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Енгізу туралы мәліметтер: Зерттеу нәтижелері Шымкент қалалық жұқпалы аурулар ауруханасында енгізілді. Келесі авторлық куәліктер алынды: «Методика выявления когнитивных нарушений у больных с хроническими вирусными гепатитами» (Вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастарда когнитивтік бұзылыстарды анықтау әдістемесі) № 20871, 2021 жылдың «14» қазан айы; «Методика выявления синдрома хронической усталости у больных с хроническими вирусными гепатитами» (Вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастарда созылмалы шаршағыштық синдромын анықтау әдістемесі); «Методика выявления депрессий у больных с хроническими вирусными гепатитами» (Вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастарда депрессияны анықтау әдістемесі); «Методика выявления тревоги у больных с хроническими вирусными гепатитами» (Вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастарда мазасыздықты анықтау әдістемесі); «Методика определения качества жизни, связанного со здоровьем у больных с хроническими вирусными гепатитами» (Вирустық созылмалы гепатиттері бар науқастарда денсаулығына байланысты өмір сүру сапасын анықтау әдістемесі) (№ 20871, 2021 жылдың «14» қазан айы).

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау

Диссертациялық жұмыстарды қарау кезінде диссертациялық Кеңес мүшелерінің шешімімен 8 ресми рецензент тағайындалды.

Рецензенттер қарастырылып отырған диссертация тақырыбы саласындағы зерттеулерге айтарлықтай үлес қосқан және мамандықтың шифрына сәйкес келетін ғалымдар бекітілді.

Рецензенттерді іріктеу кезінде ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің тәуелсіздік қағидаты сақталды. Диссертацияға теріс пікірлер болған жоқ. Барлық рецензенттер диссертацияларды қорғауға қатысты (онлайн, офлайн).

Төменде диссертациялық жұмыстарды бағалау үшін шақырылған рецензенттер тізімі берілген:

1. Шустеров Юрий Аркадьевич - м.ғ.д., офтальмология курсына жауапты және хирургия кафедрасының профессоры, Қарағанды медицина университеті (Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы);
2. Байырханова Алмагуль Ораловна - PhD, бас дәрігер орынбасары, SEMA Hospital, ЖШС Бурч Медикал (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

3. Сатбаева Эльмира Маратовна – медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің фармакология кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);
4. Мусаева Дильфуза Махмудовна – медицина ғылымдарының кандидаты, Абу Али Ибн Сино атындағы Бұхара мемлекеттік медицина университетінің фармакология және клиникалық фармакология кафедрасының доценті (Бухара қ., Өзбекстан Республикасы);
5. Шарипов Камалидин Орынбаевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, М.А. Айтхожин атындағы молекулярлық биология және биохимия институтының бас директоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы)
6. Акимбеков Нуралы Шардарбекович– PhD,– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология кафедрасының доцент м.а. (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);
7. Канатбаева Асия Бакишевна – медицина ғылымдарының докторы, «Балалар жұқпалы аурулары курсы бар балалар пәндері» кафедрасының профессоры, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ҰББМ (Алматы қ., ҚР);
8. Георгиянц Маринэ Акоповна – медицина ғылымдарының докторы, «Анестезиология, реанимация және балалар анестезиология» кафедрасының профессоры, «Харьков Ұлттық медицина университеті» (Харьков қ., Украина);
9. Курманова Гаухар Медеубаевна- медицина ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің медицина және денсаулық сақтау факультетінің клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);
10. Эсауленко Елена Владимировна- медицина ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік педиатриялық медицина университетінің ересектер жұқпалы аурулары және эпидемиология кафедрасы (Санкт-Петербург қ., Ресей Федерациясы).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- докторанттардың диссертация тақырыптары 2021 жылдың 12 қазанында Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген №725 «Әр азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау «Дені сау ұлт» ұлттық жобасына сәйкес, денсаулық сақтаудың қажеттіліктеріне сәйкес корреляциянуы тиіс;

- докторанттардың ғылыми нәтижелері практикалық денсаулық сақтауға немесе оқу үдерісіне енгізілуі тиіс.

- басқа жоғары оқу орындарынан докторанттардың диссертациясын қорғауға қабылдау тек сол докторанттардың оқыған жерінде өз диссертациялық кеңестері болмаған жағдайда іске асырылады.

- қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға Scopus-та индексацияланатын журналдардың процентильдеріне қатысты қойылатын талаптарға қатысты (бір мақалаға сияқты екі мақала үшін 35 процентиль) Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің 2011 жылдың 31 наурызындағы № 127 бұйрығындағы 6 бапқа (ҚР білім және ғылым Министрінің 28.09.2018 № 512 бұйрығының редакциясында) түсініктемелерді талап етеді.

- мақалалардағы докторанттың диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша авторлығына қатысты түсініктеме (докторанттың бірінші автор немесе автор-корреспондент болуы міндеттеле ме?).

7. Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 5;
- қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1;
- рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;
- қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.


**Диссертациялық кеңестің
төрағасы**

**Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы**

Т.А. Муминов

Э.М. Сатбаева

«08» 01 2024ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	«Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес	Жылдық есеп
		Редакция: 1

1 - кесте. Докторанттар тізімі

№	Т.А.Ж.	Диссертация тақырыбы	Ұйым	Ғылыми кеңесшілер	Шетелдік кеңесші	Қорғау күні
1	Жумагельдиева Фарида Еркуловна	«Фактоморфты глаукоманың патогенетикалық бағытталған емі»	С.Ж. Асфендияров ат. КазҰМУ	Телеуова Т.С. м.ғ.д., офтальмология кафедрасының профессоры, С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).	Даулетбеков Данияр Лашынович - MD, PhD, Tubingen Universitätsaugenklinik (Гюбинген қ., Германия).	25.04.2023
2	Абуова Жанар Болатбековна	Офтальмологияда жаңа дәрілік препаратты қолдануды эксперименттік негіздеу	С.Ж. Асфендияров ат. КазҰМУ	Рахимов Қ.Д. м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Балмуханова А.В. м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр. мүшесі Тургумбаева А.А. PhD доктор, доцент	Акопян В.С. м.ғ.д., профессор, Ломоносов мемлекеттік университеті, Мәскеу қаласы	04.05.2023
3	Советов Бақытбек Советұлы	Симпатикалық гиперактивация кезінде b1-адреноблокаторлардың және пуринды нуклеотидтер метаболиттерінің иммунды статусқа, пуринді циклдар ферменттерінің белсенділігіне және антиоксидантты жүйеге әсері.	Семей медицина университеті	Тапбергенов С.О., медицина ғылымдарының докторы, профессор, РАЕ академигі	Сентябрев Н.Н., биология ғылымдарының докторы, профессор Ресей	06.06.2023
4	Садыкова Алтынай Женисовна	«Туа біткен ақаулары бар жаңа туған нәрестелердегі жедел бүйрек зақымдануының предикторлары»	С.Ж. Асфендияров ат. КазҰМУ	Боранбаева Р.З., м.ғ.д., «Қазақстан педиатрлар одағының» мүшесі; Бердиярова Г.С.- м.ғ.к., «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ҰББМ неонатология курсының аға аға	Жовнир В.А. - м.ғ.д., Украина Денсаулық сақтау министрлігінің «Охматдит» Ұлттық мамандандырылған балалар ауруханасының бас директоры (Киев қ., Украина)	16.06.2023.

5	Полукчи Татьяна Васильевна	«Вирсутық созылмалы аурулары бар науқастардағы когнитивтік бұзылыстар»	С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ	<p>оқытушысы (Алматы қ., ҚР);</p> <p>Чингаева Г.Н.- м.ғ.д., Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары медицина мектебінің клиникалық пәндер кафедрасының доцент м.а. (Алматы қ., ҚР);</p> <p>Славко Елена Алексеевна — м.ғ. к., «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» КЕАҚ ішкі аурулар кафедрасының профессоры;</p> <p>Абуова Гульжан Наркеновна — м.ғ.к., профессор, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының жұқпалы аурулар және дерматовенерология кафедрасының меңгерушісі;</p> <p>Абасова Гаухар Бегалиевна — м.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің неврология, психиатрия, наркология кафедрасының меңгерушісі</p>	<p>Пшеничная Наталья Юрьевна — м.ғ.д., профессор, Ресей тұтынушылар құқығы мен адамның әл-ауқатын қорғау саласындағы бақылау бойынша федералдық қызметінің «Орталық эпидемиология ғылыми-зерттеу институты» ҒФБМ директорының клиникалық және талдау жұмыстары бойынша орынбасары (Мәскеу қ.Ресей Федерациясы)</p>	23.12.2023
---	----------------------------	--	----------------------------------	--	--	------------